Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі

Түркістан облысының Білім басқармасының

«Сайрам Ауданының Білім Бөлімі»

«Жанерке» «бөбекжай-балабақшасы» жеке мекемесі

Бекітемін: Д.Б.Сыдыкова

# Тақырыбы: Ұстаз- ұлы тұлға.



«Қарлығаш »тобы

Тәрбиешілер:Сейдалиева Э.

Жунисбекова Б.

2023-2024жж

# «Ұстаз- ұлы тұлға.»

**Мақсаты:**Ұстаздар күніне арнаған мерекені насихаттау
Өз ойларын жеткізе білуге баулу, тақпақ, өлеңдерді мәнерлеп оқыту арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар,ұстаздар және балалар! Қазан айында аталып өтетін мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз.Бүгінгі «Ұстаз -ұлы тұлға» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Құйылады жыр ағын,

Көптен дара тараған.

Құтты болсын мерекең,

Заңғар тұлға мұғалім

«Қарлығаш» тобының бүлдіршіндерін қарсы алайық.Балалар залға кезек пен кіріп, орындарына отырады.

Жанерке бөбекжайы меңгерушісі Сыдыкова Дильбар Бекболтқызына сөз береміз.

**Жүргізуші:** «Ұстаздық еткен жалықпас,үйретуден балаға»- деп, Абай атамыз айтқандай келесі кезекті балаларымыздың ұстаздарға арналған тақпақтарын тыңдаңыздар

**Заңғар:**

Доспен тату ойнауды

Мерекені тойлауды

Бойымызға сіңірген

Көптің қамын ойлауды.

**Инабат:**

Балабақша,балабақша

Шаңырағы шаттыықтың

Балабақша қорғанышы

Балғын сәби жастықтың

**Інжу:**

Білуге біз құмармыз

Мазаңды алған шығармыз

Таза сәби жүректен

Қабылдаңыз мың алғыс

**Хансұлтан:**

Тәрбиеші апайлар

Бар жақсылық тілеймін

Ортамызда күлімдеп

Амандықта жүр деймін

**Жанерке:**

Қуантатын бүгін күн

Өсті міне бойымыз

Қуанышқа ортақпыз

Құтты болсын тойымыз

**Е.Айкөркем:**

Балабақша базарллы үй

Көшедегі ажарлыы үй

Шаттығы бар шуақты

Өз үйіміз сияқты

**Өркен:**

Қандай ғажап күн бүгін

Күміс күлкі жан-жағын

Күлімдеген бар бала

Ән айтады шаттана

**Асылжан:**

Гүлдендірген бақшаны

Меңгеруші жақсы адам

Сондықтан да біз үшін

Артықсыз сіз басқадан

**Айдана:**

Жайдары жүз, ай қабақ

Жүреді бізді аймалап

Тобымызға жиі кеп

Білгенімізді сұрайтын

**Жүргізуші**: «Қарлығаш» тобының мың бұралған биші қыздарының,биін тамашалайық. Ортада би қолшатыр.

**Би: Қолшатыр**

Аруназ, Салтанат,Сезім,Жанерке, Інжу, Айдана,Инабат,Жанат,Толғанай

**Ж.Алинұр:**

Денсаулыққа болаттай

Ауруларды жолатпай

Күде болған әбдігер

Қамқоршымыз дәрігер

**Мерей:**

Үйренгеніміз өнер біз

Шетімізден шеберміз

Бал татыған әндерді

Мың бұралған билерді

**Хадиша:**

Тәті тағам пісірген

Айран сүтін ішкізген

Салтанат апайға

Мың алғыс

**Салтанат:**

Біді баптап қараған

Күлімдеген жақсы адам

Бибігүл апайға мың алғыс

**Қ.Көркем:**

Жазу жазып үйреткен

Әріптерді танытқан

Санамақты жаттатып

Санауды бізге үйреткен

**Ерәділ:**

Тәрбиеші апайлар

Шуақ шашар күніміз

Сіздерменен шаттана

Шығады әркез үніміз

**Толғанай:**

Бізге тұңғыш тақпақ та

Жалықпастан жаттатқан

Түсіріп топ сынына

Жақсымызды мақтаған

Тәрбиеші тәтеміз

**Аруназ:**

Доппен тату ойнауды

Мерекені тойлауды

Бойымызға сіңірген

Көптің қамын ойлауды

Тәрбиеші тәтеміз

**Жүргізуші:**Құлақтан кіріп бойды алар,әсем ән мен тәтті күй.Әнді сүйсең менше сүй- деп келесі кезекті әнге берейік.

**Хар: Тәрбиеші апайым**

**Жүргізуші:**Тәтті күй,асқақ ән мен әсем биді. Сіздерге тарту етіп ұсынамыз. Ұлдарымыздың биі кавбой

**Би: Кавбой**

Ж.Алинұр, Заңғар,Қанат, Арыслан,З.Алихан,А.Димаш

**Жүргізуші:** Балдарымыздың тақпақтарына кезек береміз

**Ж.Елнұр:**

Бізге тәртіп үйреткен

Таныстырған ең алғаш

Әріптермен, суретпен

Тәрбиеші тәтеміз

**Жансая:**

Білуге біз құмармыз

Мазаңды алған шығармыз

Таза сәби жүректен

Қабылдаңыз мың алғыс

**С.Алихан:**

Ойнататын бақшада

Еркелетіп күн сайын

Апайымыз ол біздің

Қуантатын әр дайым

**Қанат:**

Тәрбиеші апайлар

Сіздер біздің гүліміз

Сіздерменен әр дайым

Сәтті біздің күніміз

**Жанат:**

Көңіліміз жай біздің

Тәрбиеші сіз барда

Ойнап күнде жүреміз

Тоңбаймыз біз ызғарға

**Т.Димаш:**

Тәрбиеші апайлар

Бар жақсыны тілеймін

Ортамызда күлімдеп

Амандықта жүр деймін

**Ақнұр:**

Гүл әкелдім әдемі

Тәрбиешіме сыйлайтын

Тақпақ оқып көңілді

Екі езуін жимаймын

**Аружан:**

Бізге тәртіп үйреткен

Ән салдырып билеткен

Таныстырған ең алғаш

Әріптер мен суретпен

Тәрбиеші апайым

**Сезім:**

Маған білім үйреткен

Тәрбиеші апайым

Тәрбие мен ақылды

Үйреткен де апайым

**Жүргізуші:** Ендігі кезекте мың бұралған биші қыздарымыздың биін тамашалайық

**Би: Чика-рика**

Мерей, Қ.Көркем,Е.Айкөркем, Аружан, Жансая,Хадиша,Ақнұр,Айзере

**Жүргізуші:** Балдарымыздың тақпақтарына кезек берік

**Айзере:**

Қиынға төзуге

Үйреткен қаншама

Жаманнан безуге

Жақсылық жасауға

**Али**: Қамқоры ұл-қыздың

Тәрбиеші- ол біздің

**О.Алинұр:**

Атам да сыйлайтын

Әкем де сыйлайтын

Барлығы сыйлайтын

Тәрбиеші ұстазым

**Бақытжан:**

Тәрбиеші апайлар

Бақыттымыз сіздермен

Биіктерге жетіңіз

Болып әр кез біздермен

**Арыслан:**

Бұл қуаныш себебін

Бізге қарап ұғарсың

Ер жеттідеп бөбегің

Қуанады апайым

**Нұрбақыт:**

Тәбиеші деген- тәлімгер

Бізге білім береді

Тобымызда бар бала

Оны жақсы көреді

**Жүргізуші:** биші ұлдарыңыздың биін тамашалаңыздар

**Би:Джентльмен**

Хансұлтан, Асылжан, Ж.Ернұр, Т.Димаш, Ерәділ, Али, Өркен, Бақытжан,О.Алинұр

**Жүргізуші:** Құрметі қонақтар «Қарлығаш» тобының «Ұстаз - ұлы тұлға» атты ертеңгілігін көріп тамашалағандарыңызға рақмет. Осы мен бүгінгі ертеңгілігіміз аяқталды. Ұстаздарына жылы лебіздерін айтатын ата-аналар болса ортаға шақырамыз.Естелікке суретке түсіп алыңыздар.


ҰСТАЗДАР
мерекесі!


ҰСТАЗДАР
мерекесі!